

"Отель Астана" ашық акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заемының бөлігіне қызмет көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 қыркүйек N 1392

Түркия және АҚШ несиелерінің шеңберінде мемлекеттік кепілдікпен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заем бойынша дефолт фактілеріне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамымен және "Отель Астана" ашық акционерлік қоғамымен:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерінің берілуіне орай 2000 жылы төленген және осы қаулының 2-тармағына сәйкес төлеуге жататын "Отель Астана" ашық акционерлік қоғамының ақшаны 2001 жылдан бастап 2008 жылды қоса алғанда, қ а й т а р у ы н ;

"Отель Астана" ашық акционерлік қоғамы республикалық бюджетке қайтаруға жататын ақшаға жылдық 5 (бес) пайыз есептеуді;

"Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамына заем алушы - "Отель Астана" ашық акционерлік қоғамының қаражаты есебінен агенттік сыйақы төлеуді көздейтін несиелер келісіміне қол қойсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жоғарыда көрсетілген келісімге қол қойғаннан кейін 1999 жылғы 20 мамырда берілген N 0000035 мемлекеттік кепілдікке сәйкес шетелдік банк шотының негізінде "Отель Астана" ашық акционерлік қоғамы үшін 2000 жылғы 1 қыркүйекке көзделген 2 067 096,63 (екі миллион алпыс жеті мың тоқсан алты доллар, алпыс үш цент) АҚШ доллары мөлшеріндегі төлемді және айыппұл пайыздарын 2000 жылға

арналған республикалық бюджетте "Үкіметтік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты несиелендіру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың шегінде ұсынылған шоттарға сәйкес төлесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК